# АУДАН ҚҰРАМАСЫ ЖҮЛДЕЛІ II ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ

Жылда дәстүрлі түрде өтетін облыстық ауыл спортшыларының жазғы «Сарыарқа-2023» спартакиадасының жалауы биыл Қарағанды қаласында желбіреді.




Шілде айының 26-28 күндері аралығында өткен байрақты бәсекеге ауданымыздан 79 спортшы қатысып, ауданымыздың намысын қорғады.

Нақтырақ айтқанда спортшыларымыз шағын футболдан шаршы алаңда барлық қарсыластарынан басым түсіп, жүлделі бірінші орынды жеңіп алса, волейболдан ұлдар және қыздар арасындағы ойындарда екінші орынды, тоғызқұмалақ, асық ату спорттарынан да екінші орыннан көрініп, кір тасын көтеруден үшінші орынға табан тіреді. Нәтижесінде жалпы командалық есепте 7 аудан арасында екінші орынды иеленді.

Айта кетейік, өткен жылғы спартакиадада ауданымыздың командасы үздіктер қатарынан танылып, жүлделі екінші орынды иемденген болатын.

Спортшыларымызды жетістіктерімен құттықтап, әлі де биік асуларды бағындыра берулеріне тілектеспіз!

**Өз тілшімізден.**

Шет шұғыласы. - 2023. - 10 тамыз (№32). - 3 б.